

Мұсатаев С.Ш.

с.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: mceka mceka@mail.ru

**«БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДАҒЫ
ҚЫТАЙ МЕН ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ
ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) халықаралық саясатта өзіндік орны бар аймақтық бірлестікке айналып, бүгін еуразияшылдық идея саяси шынайылыққа өтіп отыр. Бүгінгі таңда ЕАЭО елдері мен Қытай Халық Республикасы (ҚХР) бірлесіп «Бір белдеу, бір жол» жобасын жүзеге асыруда.

Ғылыми-зерттеудің мақсаты – «Бір белдеу, бір жол» жобасы аясындағы ЕАЭО елдері мен ҚХР өзара байланысу мәселелерін және өзара әрекеттесу ерекшеліктерін саясаттанулық талдау.

Негізгі идея мен зерттеу бағыты – ЕАЭО құрылуы мен қызмет ете бастауы, «Бір белдеу, бір жол» жобасының жүзеге асырылуы Еуразия кеңістігіндегі интеграциялық үдерістердің жандануына ықпал еткені талданады.

Жұмыстың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы – «Бір белдеу, бір жол» жобасының іске асырылуы Еуропа мен Азияның жан-жақты дамуына, әлемдік экономиканың дағдарысты еңсеруіне игі ықпал етеді. Сонымен қатар, Жібек жолының экономикалық белдеуінде жатқан ЕАЭО мен ҚХР бірлесіп дамуына да жаңа серпін береді. Бұл мәселелерді саясаттанулық зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы күмән тудырмайды.

Зерттеудің әдіснамалары салыстырмалы және жүйелі, контент және ивент талдауларға негізделген.

Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары: «Бір белдеу, бір жол» жобасы аясындағы ЕАЭО мен ҚХР өзара байланыстары мен өзара әрекеттесу проблемаларын танып-білу, кемшіліктерін айқындау мен оларды шешу жолдарын табу қазіргі қазақстандық саясат пен экономикаға, интеграция мен қоғам өміріне игі ықпал етеді.

Зерттеу жұмысының маңыздылығы – Еуразия кеңістігіндегі интеграциялық процестерді дамытуға өзіндік үлес қосады.

Түйін сөздер: ЕАЭО, «Бір белдеу, бір жол» жобасы, Жібек жолының экономикалық белдеуі, интеграция.

Mussataev S.

d.p.s., prof., Al-Farabi Kazakh National University, Department of
Political Science and Political Technologies, Kazakhstan, Almaty, e-mail: mceka@mail.ru

**Tendencies of integration of the EAEU
and the PRC within the framework of the project «One Belt, One Way»**

The Eurasian Economic Union (EAEU) from the idea of Eurasianism has turned into a political reality, becoming an integration association that has its place in international politics. Today, the countries of the EAEU and the People's Republic of China (PRC) jointly implement the project «One Belt, One Way».

The purpose of the research work is a political analysis of the specifics of the interconnection and problems of interaction between the EAEU countries and the PRC within the framework of the «One Belt, One Way» Project.

The main directions and ideas of scientific research are the role of the creation and functioning of the EAEU, as well as the implementation of the project «One belt, one way» for the development of integration processes in Eurasia.

The scientific and practical significance of the work – the implementation of the project «One Belt, One Way» contributes to the diversified development of Europe and Asia, overcoming the global economic crisis. And also, gives a new impetus to the joint development of the EAEU and China, which are located on the same belt, on the Economic belt of the Silk Road. The theoretical and practical significance of the political study of these problems is beyond doubt.

The research methodology is based on system, comparative, content and event analyzes.

Results and results of the study: problems of interconnection and interaction between the Unified Energy System and the PRC within the framework of the «One Belt, One Way» project were studied, shortcomings and their solutions were identified, which positively affects the development of modern Kazakhstan political science and economy, integration and social development in general.

The value of the research – contributes to the development of integration processes on the expanses of Eurasia.

Key words: EAEU, the project «One belt, one way», the Economic belt of the Silk way, integration.

Мұсатаев С.Ш.

д.п.н., профессор, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: mceka@mail.ru

Тенденции интеграции ЕАЭС и КНР в рамках проекта «Один пояс, один путь»

Евразийский экономический союз (ЕАЭС) от идеи евразийства превратился в политическую реальность, став интеграционным объединением, которое имеет свое место в международной политике. Сегодня страны ЕАЭС и Китайская Народная Республика (КНР) совместно реализуют проект «Один пояс – один путь».

Цель научно-исследовательской работы – политологический анализ особенностей взаимосвязи и проблем взаимодействия стран ЕАЭС с КНР в рамках проекта «Один пояс – один путь».

Основные направления и идеи научного исследования – анализируется роль создания и функционирования ЕАЭС, а также влияние реализации проекта «Один пояс – один путь» на развитие интеграционных процессов в Евразии.

Научная и практическая значимость работы – реализация проекта «Один пояс – один путь» способствует разностороннему развитию Европы и Азии, преодолению мирового экономического кризиса. А также дает новый импульс совместному развитию ЕАЭС и КНР, которые находятся на одном поясе, на Экономическом поясе Шелкового пути. Теоретическая и практическая значимость политологического исследования этих проблем не вызывает сомнений.

Методология исследования основана на системном, сравнительном, контент- и инвент-анализе.

Результаты и итоги исследования: изучены проблемы взаимосвязи и взаимодействия ЕАЭС и КНР в рамках проекта «Один пояс – один путь», определены недостатки и их пути решения, что позитивно влияет на развитие современной казахстанской политической науки и экономики, интеграцию и общественное развитие в целом.

Ценность проведенного исследования – вносит свой вклад в развитие интеграционных процессов на просторах Евразии.

Ключевые слова: ЕАЭС, проект «Один пояс, один путь», Экономический пояс Шелкового пути, интеграция.

Кіріспе

Мақала бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің біріне арналған, өйткені ЕАЭО қызмет етуі, интеграциялық бірлестіктің ауқымының кеңеюі, көршілес аймақтармен ынтымақтастық өзара байланыстарының дамуы бүкіл Еуразия кеңістігіндегі саяси-экономикалық үдерістерге тікелей ықпал етуде. Сондықтан бұл аймақтық интеграциялық үдерісті саясаттанулық зерттеу уақыт талабына айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда «Бір белдеу, бір жол» жобасы мен

Еуразиялық экономикалық одақтың өзара байланысу, өзара әрекеттесу мәселелері зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы зор. Сондықтан, жоғарыда көрсетілген өзекті мәселелер осы зерттеу тақырыбын таңдауымызға әсер етті.

Зерттеудің нысаны Еуразия кеңістігіндегі интеграциялық процестер.

Зерттеудің пәні ҚХР мен ЕАЭО арасындағы бірлескен интеграциялық жобалар.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Жұмыстың негізгі мақсаты – «Бір белдеу, бір жол»

жобасы мен Еуразиялық экономикалық одақ: өзара байланыс пен өзара әрекеттесуін саяси талдау. Бұдан төмендегідей зерттеу міндеттері туындады:

- ЕАЭО елдері мен Қытай Халық Республикасы (ҚХР) арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарды зерттеу;
- «Бір белдеу, бір жол» жобасының жүзеге асу барысын саралау;
- «Бір белдеу, бір жол» жобасы аясындағы ҚХР мен ЕАЭО-ның өзара байланысы мен өзара әрекеттесуінің өзекті мәселелерін саяси талдау.

Негізгі бөлім

Еуразия кеңістігіндегі елдер арасындағы экономикалық байланыстарды нығайту мен ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған Жібек жолының экономикалық белдеуін (ЖЖЭБ) құру туралы идеяны ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин 2013 жылғы қыркүйекте Қазақстанға жасаған ресми сапары барысында жариялаған болатын. ЖЖЭБ жүзеге асыру бағдарламасы бұрынғы Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан заманауи мемлекеттер арасындағы экономикалық саладағы серіктестікті, біртұтас жол-көлік инфрақұрылымын құруды, сауданы дамытуды, ұлттық валюталармен есеп айырысуды жолға қоюды, халық дипломатиясының рөлін күшейтуді қамтиды. Сонымен қатар, өнеркәсібі қарыштап дамып жатқан Қытай үшін де, табиғи қазба байлықтарына бай Орталық Азия аймағымен және Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) елдері үшін де отын-энергетикалық кешен саласындағы ынтымақтастықты дамытудың маңызы аса зор [1]. Осылайша, Қытай бастамасы жан-жақты қолдауға ие болып, ЖЖЭБ мен ЕАЭО өзара байланысқан, түйіндескен жобаларға айналды.

2015 жылы Қытайдың Хайнань провинциясындағы Боао қаласында өткен Азиялық экономикалық форумда ҚХР төрағасы Си Цзиньпин ЖЖЭБ мен «XXI ғасырдағы теңіздегі жібек жолы» жобаларын біріктіріп, «Бір белдеу, бір жол» деп атауды ұсынды. Өз кезегінде, ЕАЭО мүшесі – Қазақстан Республикасының «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық бағдарламасы мен «Бір жол, бір белдеу» өзара байланыса отырып, сабақтаса жүзеге асырылу үстінде.

ЕАЭО мен ЖЖЭБ жобаларын түйіндестіру 2015 жылы 8 мамырда Мәскеу қаласында РФ Президенті В. Путин мен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің кездесуінен нәтижелі бастау алды. Екі ел басшылары біріккен мәлімдеме

жасап, аталған екі жоба ауқымында өзара әрекеттесу, ЕАЭО мен ҚХР арасында еркін сауда аймағын құру, сауда-инвестициялық қарым-қатынастарды дамыту, көлік транзиті мен логистиканы жақсарту туралы шешімдер қабылдады. Сөйтіп, Ресей мен Қытай арасындағы өзара түсіністік пен саяси келіссөздердің жемісті жүруі ЖЖЭБ мен ЕАЭО арасындағы үйлесімді экономикалық дамуға оңтайлы жол ашты.

Алайда, Украинаның ЕАЭО қосылмай, Европалық одаққа (ЕО) қарай бет бұруының ақыры Ресей мен Украина арасындағы Қырым, ЛНР (Луганская Народная Республика) мен ДНР (Донецкая Народная Республика) байланысты саяси дауға ұласып, соның нәтижесінде АҚШ, ЕО, Канада, Австралия сияқты Батыс елдері антиресейлік санкцияларды күшейтіп тұрған шақта бұл мәселенің маңызы зор еді. Ресей билігі батыс елдерінің антиресейлік санкцияларына жауап ретінде контрсанкциялар қолданып, мұның зардабы ЕАЭО-ға мүше елдерге де тиген болатын [2].

Осыған байланысты, 2015-2016 жылдары ЕАЭО ауқымындағы өзара сауда, жалпы экономикалық хал ахуал нашарлап кеткені белгілі. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметінше, 2015 жылғы қаңтар-желтоқсандағы Қазақстанның ЕАЭО елдерімен өзара саудасы – 15 772,2 млн. долларды құрап, 2014 жылғы қаңтар-желтоқсанмен салыстырғанда 28,6 %-ға азайған, соның ішінде экспорт – 4 886,8 млн. доллар (31,7 %-ға аз), импорт – 10 885,4 млн. доллар (27,1 %-ға аз).

2016 жылдың қаңтар-мамыр айларында қысқа мерзімдік экономикалық индикатордың төмендеуіне өнеркәсіп, сауда және байланыс секторының бәсеңдеуі ықпал етті. Қысқа мерзімдік экономикалық индикатор мен ЖІӨ көрсеткіші арасында тікелей тәуелділік бар екенін атап айтқан жөн – 92%, осы негізде елдің ЖІӨ-і де өз көрсеткішінің едәуір төмендегенін көрсетеді [3].

2016 жылдың сәуір айының қорытындылары бойынша, сыртқы сауда одан әрі – 71%-ға төмендеді, оның ішінде экспорт 2015 жылдың сәуірінен 69% деңгейінде тұр, ал өнімдерді импорттау – 74%. Құндық шамасымен алғанда өнімдерді экспорттау 2016 жылдың қаңтар-сәуір айларында 11,03 млрд долларды, ал импорт 7,2 млрд долларды құрады.

Сол сияқты, 2016 жылдың қаңтар-сәуір айларында, 2015 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, экспорттың құндық шамасы Еуропаға

(46,9%-дан 44,7%-ға дейін), ЕАЭО-ға кірмейтін ТМД елдеріне (6,5%-дан 5,5%-ға дейін) қатысты төмендегені байқалды [4]

ЕАЭО өзін-өзі толық қамтамасыз ете алатын толыққанды интеграциялық бірлестікке жатпайды, әлемдік экономикаға тәуелділігі күшті. Сол үшін, ЕАЭО әлемдік саудаға белсенді қатысып, өзге аймақтармен, түрлі интеграциялық одақтармен (ЕО, БРИКС, МЕРКОСУР, АТР т.б.), көршілес үлкен елдермен еркін сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуы қажет. ЕАЭО еуразия аймағындағы жаңғыз бірлестік емес, бұл аймақтағы елдер арасында жан-жақты ынтымақтастыққа арқау болып отырған Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШОС), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шарты ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) сияқты түрлі деңгейдегі одақтық бірлестіктер бар. «Еуразиялық қамал» жасап, одақ ауқымында экономикалық оқшаулану ЕАЭО тас-талқанын шығаратын тұйық жол. Мұндай тұйық жолға ұрынбас үшін не істеу керек? Ғаламдану жағдайында оның балама жолы біреу ғана – еркін сауда аймақтарын құрып, жан-жақты ынтымақтастықты дамытқан жөн. Оның үстіне, Қырғызстан, Армения, Ресей, Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшелері (ЕАЭО құрамынан тек Беларусь қана кірмеген). Бұл тұрғыда ҚХР ұсынып отырған «Жібек жолының экономикалық белдеуі» жобасы сияқты ынтымақтасу түрі аса қажет.

Сондықтан, әлемдік экономикада АҚШ-тан кейінгі екінші орынға шыққан Қытаймен өзара тиімді әріптестік орнату ЕАЭО үшін маңызды әрі стратегиялық бағыт болып саналады. Қытай үшін де ЕАЭО ынтымақтастық орнату объективті қажеттілікке негізделген. Батыс елдерімен сауда-саттық көлемі төмендеу үстінде, теңізде шекараласатын Жапониямен, кейбір Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен территориялық даулары бар. АҚШ тарапынан да сауда-экономикалық сипаттағы түрлі шектеулер орын алуда. Әрине, ЕАЭО мен «Бір белдеу, бір жол» жобасын түйінdestіруде мүмкіндіктермен қатар сын-қатерлер де, түрлі геосаяси мүдделер де бар екенін ескеру аса маңызды. Әсіресе, екі үлкен держава – Ресей мен Қытайдың өз есептері мен мүдделері бары анық. Мұның барлығы ЖЖЭБ мен ЕАЭО өзара байланысына ықпал етпей қоймайды. Бір жағынан, Ресейдің ЕАЭО одақтастары атынан Қытаймен жаңғыз өзі келіссөз жасауы түрлі жағымсыз пікірлерді туындатқаны да рас. Өйткені, ЕАЭО өзара тең

әріптес елдерден құралған экономикалық одақ, сәйкесінше оған мүше-елдер ЕАЭО тағдырына қатысты келіссөздерге теңдей қатысуы керек еді. Бұл кемшілік жарты жылға жетпейтін уақыт ішінде түзеліп, 2015 жылғы қазан айында Москва қаласында ЕАЭО мемлекет басшыларының кездесуінде шешімін тапты. Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімі бойынша ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің үкіметтері Еуразиялық экономикалық кеңеспен (ЕАЭК) біріге отырып ЖЖЭБ жобасымен өзара әрекеттесуді, ЕАЭО мен ҚХР арасындағы сауда-экономикалық келісімдерді бірлесіп жүзеге асыратын болып келісті. Ал ЕАЭК мүше-мемлекеттермен бірге ЕАЭО мен ЖЖЭБ түйінdestірудің басым бағыттарын айқындап, ҚХР өзара әрекеттесудің жол картасын жасайтын болып келісілді. Бірақ әзірге бұл салада сылбырлық байқалып отыр, 2016 жылдың басында дайын болуы тиіс болған ЕАЭО мен ҚХР арасындағы қарым-қатынастарды дамытудың жол картасы әлі әзірленген жоқ. Сондай-ақ, ЕАЭО елдері арасында ЖЖЭБ жобасына кірігу туралы да бірауыздылық пен нақты бірлескен іс-қимыл аз. Бұған 2014 жылдан бастап 2016 жылға дейін ЕАЭО мен ҚХР арасындағы өзара сауданың көлемі төмендеп отырғаны дәлел болып табылады. Тек 2017 жылы ғана жағдай түзеле бастады, Еуразиядейли порталы ЕАЭО-ның Қытайға экспорты 35 % өсіп, \$ 11,093 млрд. құраған. Ал Қытайдан ЕАЭО елдеріне импорттың көлемі 27 % артып, \$ 11,83 млрд. жеткен. ЕАЭО мен ҚХР арасындағы өзара сауда ішінде, әрине Ресейдің үлесі үлкен. ЕАЭО-дан ҚХР экспорттың ішінде Ресейге \$ 9,662 млрд., импорттың \$ 8,439 млрд. тиесілі [5].

2017 жылы Қытай мен ЕАЭО елдері арасындағы тауар айналысы 26% өсіп, \$50,834 млрд. жетті. Пайыздық көрсеткіштермен ЕАЭО елдері ішінен, әсіресе Қазақстанның Қытаймен өзара саудасы қатты өскен – 38,5%, яғни \$7,727 млрд. жеткен. Россия мен Қытай арасындағы сауда 25,7% өсіп, \$39,784 млрд. болған. Белоруссия мен Қытай сауда-саттығы 10,5% өсіп, \$681,55 млн. құраған. ҚХР мен Қырғызстан саудасы 6,3% өсіп, \$2,456 млрд. жетсе, армян-қытай саудасы керісінше 9% төмендеп, \$185,51 млн. дейін құлдыраған.

Ал жалпы алғанда, ЕАЭО елдерінің Қытайға жиынтық экспорты 28% өсіп, \$23,552 млрд. құраған. Эспорттағы пайыздық өсім бойынша алға шыққан Қырғызстан – Қытайға экспортты 115% дейін арттырып, \$53 млн. жеткен. Россияның Қытайға экспорты 29% өсіп, \$20,341

млрд. болған. Ал Қазақстаннан Қытайға экспорт 20,9% өсіп, \$2,726 млрд. жеткен. Белорусия экспорты 20,6% өсіп, \$309,5 млн. көтерілген. Экспорт жағынан Армения артта қалып отыр, оның Қытайға экспорты 20,5% төмендеп, \$122,68 млн. түсіп кеткен.

Енді ЕАЭО елдерінің Қытайдан импортының көлеміне келсек, Қытайдан келетін импорт 24% дейін өсіп, \$27,282 млрд. жеткен. Бұл жердегі ең көп пайыздық өсім Қазақстанға тиесілі. Қазақстандағы Қытай импорты 50% дейін өсіп, \$5,001 млрд. бірақ жеткен. Арменияның Қытайдан тауар импорттауы да 26% өсіп, \$62,83 млн. болса, Россияның қытайлық импорты 22% өсіп, \$19,443 млрд. жеткен. Ақшалай есептегенде әрине ең көп импорт көлемі Ресейге тиесілі. Ал шағын ғана Қырғызстанның алып Қытайдан алатын импорты 5% өсіп, \$2,4 млрд. жетсе, алыстау орналасқан Белоруссияның қытайлық импорты 3% өсіп, \$372 млн құраған [6].

Қытайлық кеден ведомствасының мәліметтеріне жүгінсек, РФ мен ҚХР арасындағы сауда айналымы 2017 жылдың жарты жылдығында \$35,2 млрд. құраған (ал ресейлік статистикалық деректерде бұл сан \$32,5 млрд. деп көрсетіледі, айырмашылық \$ 2,7 млрд. контрабанда ма, әлде кеденшілердің жемқорлығы ма, салықты аз төлеу үшін бағаны төмендетіп жазу ма белгісіз). Өсім 37% көрсетіп отыр.

ЕАЭО елдері ішінен ҚХР экспортты көп шығаратын да, экспорт тауарларының түрі де көп ел Ресей болғандықтан, біраз оның құрамына тоқтала кетсек. Ресейдің Қытайға экспортының басым бөлігін табиғи шикізат құрайды. Мұнай экспорты 68,4% өсіп, \$10,546 млрд. жеткен. Көмір экспорты \$1,014 млрд. Ағаш экспорты 31% артып, \$1,977 млрд. құраған (оның ішінде өңделмеген бөрене ағаш \$615 млн. – өсім 31%, кесілген бөренелер 59,2% – \$1,171 млрд. Яғни, ағашқа дейін ешбір өңделместен, Қытайға бөрене күйінде экспортталады). Балық экспорты (балықтың барлық түрі) 27% өсіп, \$708,5 млн. жеткен. Кен рудалары (кеннің барлық түрі) 88% дейін өсіп, \$533,2 млн. жеткен. Бағалы металдардан жасалған бұйымдар экспорты (алтын мен платина төрт есеге жуық өсіп, \$400,8 млн. жеткен. Целлюлоза экспорты 24% артып, \$388 млн., құрал-жабдықтар жеткізу 14% артып, \$265,5 млн. болған. Ресейден Қытайға экспортталатын каучук пен резина да 123% өсіп, \$189,88 млн. құраған. Пластик экспорты 154% өсіп, \$182,68 млн. жеткен. Қара металдар экспорты 232% артып, \$316 млн. құраған. Алюминий 34% өскен – \$120,64 млн.

Сол сияқты, Ресейге Қытайдан импортталатын заттардың да көлемі артып отыр. Тұрмыстық техника импорты 49% өскен – \$3,5755 млрд., ал электроника мен компьютерлердің импорты 44,8% артып, \$2,52 млрд. жеткен. Қытайдан импортталатын аң терісінен жасалған тондар мен ішіктер екі есеге өсіп, \$936,3 млн. жеткен. Киім-кешек импорты 57% артқан – \$903 млн. Аяқ-киім импорты да 20% артқан – \$746,5 млн. Автомобильдер мен авто құрал-жабдықтар 47% өсіп, \$681,5 млн. жеткен [7]. Көріп отырғанымыздай, Қытайдан импортталатын негізінен дайын заттар, шынайы тауарлар. Яғни, Ресей экспорты негізінен шикізат болса, Қытай экспорты тауар.

ЕАЭО аймағында жалған экспорт, жалған транзит, реэкспорт қатты дамыған. Мысалы, Ресей батыс тауарларына контрсанкция енгізгенімен, көптеген батыстық тауарлар Белоруссия арқылы Ресейге енуде. Жалған, яғни, псевдотранзит. Осыған ұқсас, Қырғызстан мен Қазақстанға импортталатын Қытай тауарларының да басым бөлігі ақырындап Ресейге қарай өтеді, яғни реэкспортталады. Қанша айтқанымен, Ресей 150 млн. жуық тұтынушысы бар алып өткізу нарығы екені даусыз.

Ал енді Қазақстанның Қытайға экспорты да негізінен шикізат екені белгілі. 2017 жылы Қазақстан Қытайға кен рудасының барлық түрінің экспорты 226% артып, \$502 млн. құраған. Қара металл экспорты 28% өсіп, \$384,7 млн. жеткен. Қорғасын экспорты да әлденеше рет өсіп, \$46,5 млн. жеткен. Дегенмен, Қазақстаннан Қытайға экспортталатын мыс пен мырыш көлемі биыл бұрынғыдан азайғаны байқалып отыр. Мыс экспорты 4,5% азайып, \$513 млн. түскен, ал мырыш 15% құлдырып, \$83 млн. жеткен.

ЕАЭО ішіндегі Қырғызстанның Қытайға экспорт көлемі өте мардымсыз аз, бар жоғы \$30,7 млн., бұл 4,5 есе өсімге қол жеткізгендегі сома. Қырғыздардың қытайларға экспортында мал терісін жеткізу 36% өскен, \$17,88 млн. Жеміс-жидек экспорты 18% өсіп, \$1,12 млн. жеткен.

Сонымен қатар, Белорусия мен Қытайдың да экспорт-импорты нашар. Қытайлық кеденшілердің мәліметі бойынша, Белоруссиядан Қытайға жақсы экспортталатын тауар – сүт өнімдері екен. 2017 жылдың бірінші жарты жылдығында белорусиялық сүт өнімдерінің Қытайға экспортталу көлемі \$1,86 млн долларға жеткен. Алайда, азық-түлік экспорты 22% құлдырап, 1,22 млн түсіп кеткен. Белорусияға экспортталатын қытайлық электроника көлемі де 6% азайып, \$93,55 млн. төмендеген. Тұрмыстық техниканы Қытайдан импорттау 46,7% азайған,

\$52,1 млн. Қытайдан импортталатын органикалық химиялық заттар, тыңайтқыштар 41% өсіп, \$32,3 жеткен [8].

Жоғарыда келтірілген статистикалық деректерден ЕАЭО елдері ішінен Ресей мен Қазақстан ғана Қытаймен мықты сауда-саттық жасайтынын, ЕАЭО мен ҚХР арасындағы экспорт-импорт көлеміне ықпал ететінін байқаймыз. Әсіресе, Ресей мен Қытайдың арасындағы экспорт-импорт көлемі өте үлкен. Қытаймен экспорт-импорт саласында Қырғызстан, Белорусия мен Армения аз үлес қосып отыр. Оған әрине түрлі факторлар әсер етуде (бұл үш мүше-мемлекеттің де халқы аз, экономикалары әлсіз, ал Белорусия мен Армения Қытайдан алыста жатыр т.б.).

Әрине, ЕАЭО мен «Бір белдеу, бір жол» жобасын түйінdestіруде мүмкіндіктермен қатар сын-қатерлер де, түрлі геосаяси мүдделер де бар екенін ескеру аса маңызды. Әсіресе, екі үлкен держава – Ресей мен Қытайдың өз есептері мен мүдделері бары анық. Мұның барлығы ЖЖЭБ мен ЕАЭО өзара байланысына ықпал етпей қоймайды. Енді осы мәселелерге арнайы тоқтала кетсек.

Қытайдың ЕАЭО және ОА елдерімен қарым-қатынас жасауы геэкономикалық және геосаяси мүдделермен сабақтасары сөзсіз. Қытайдың экономикалық қарыштап дамуына ықпал еткен сыртқы факторлар еді. Әсіресе, Қытай Батыстық дамыған елдерінің экономикасы үшін басты тауар өндіруші ролін атқарып келді. Алайда, 2007 жылдан бастау алған әлемдік қаржы дағдарысы Қытайдың экономикалық саясатына қатты ықпал етті. Батыс елдеріндегі әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалдың нашарлауы тұтынушылардың сұранысын төмендетіп, бұл өз кезегінде қытайлық тауарлардың өндірісіне кері әсерін тигізді. Қытай экономикасының дамуы баяулай бастады. Сондықтан Қытай билігі өзінің экономикалық саясатын қайта қарап, батыс елдеріне тауар экспорттауға бағытталған экономикасын өзгертіп отыр.

Бұл тұрғыда екі бағыт таңдалып алынды: бірінші бағыт – Қытайдың ішкі нарығын дамыту арқылы экспортқа тәуелділіктен арылу. Яғни, халықтың әл-ауқатын арттыру мен тұтынушылық қабілетін арттыру, Қытайдың шығыс жағындағы, теңізге жақын провинцияларына қарағанда дамуы баяу батыс аймақтарды жандандыру, инфрақұрылымдық жобаларды, құрылыс көлемін арттыру. Екінші бағыт – Қытаймен құрлықта шекаралас жатқан аймақтармен және елдермен ынтымақтастықты кеңейту. Бұл үшін Орталық Азия аймағы,

Ресей, Кавказ арқылы Шығыс және Батыс Европаға шығу, Ауғанстан мен Пакистан арқылы Парсы Шығанағы аймағына шығу жобаларына басымдық беріліп отыр. Әсіресе, Қытай үшін ОА мен ЕАЭО геэкономикалық және саяси стратегиялық маңызға ие. Бұл бағыттағы экономикалық саясаттың басты жобасы – инвестиция, инфрақұрылым, мәдени-гуманитарлық байланыстар, қауіпсіздік пен саяси ынтымақтастықты кешенді қамтитын ЖЖЭБ, яғни «Бір белдеу, бір жол» жобасы екені даусыз.

Қытай өзінің батысындағы шекаралас мемлекеттермен сыртқы экономикалық байланыстарды нығайту арқылы ұзақ мерзімді геэкономикалық және геосаяси мүдделерді іске асыруда. АҚШ пен оның Азия-Тынық мұхиты аймағындағы одақтастарымен мүдделік қайшылықтары бар Аспанасты елі батысындағы елдерге өзара тиімді экономикалық ынтымақтастық ұсына отырып, олардың Қытайға қарсы әскери-саяси одақтарға қосылып кетпеуінің алдын алуда [9]. Сондықтан, Қытайдың мүдделері дипломатиямен және қауіпсіздікті қамтамасыз етумен ғана шектелмейді. ЖЖЭБ жол-көлік инфрақұрылымын, жүк тасымалын оңтайландыратын логистиканы дамытуға басымдық беруі тегін емес. Бұл еуразиялық аймақтағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарды дамытумен қатар, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырумен айналысатын кәсіпорындардың қызметін жандандыруға, қосымша жұмыс орындарының ашылуына да игі ықпал етері сөзсіз. Халық саны көп Қытай үшін әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу аса маңызды. Жаңа Жібек жолын дамыту Қытайдың батыс провинцияларын дамытуға оң әсерін тигізіп, ОА, Парсы шығанағы, Европа бағытындағы тауар өткізетін нарықтарды ашып бермек [10].

Өз кезегінде Қытай тау-кен, мұнай-газ сияқты қазба байлықтарына бай ЕАЭО, ЕА елдерінен шикізат импортын арттырып, өзінің өнеркәсіп орындарын отын-энергетикалық және шикізат ресурстарымен қамтамасыз етуді көздейді. Сондықтан Қытай билігі «Бір белдеу, бір жол» жобасын жүзеге асыруға қыруар қаржы бөліп отыр. 2014 жылы қараша айында ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин ЖЖЭБ мен ХХІ ғасырдағы Теңіздегі Жібек жолы жобаларын дамыту мақсатында көлемі 40 млрд. АҚШ доллары болатын Жібек жолының қоры құрылатынын жариялады. Бұған қоса 2016 жылы жарғылық қоры 100 млрд. АҚШ долларын құрайтын Инфрақұрылымдық инвестициялардың азиялық банкі жұмысын бастады. Бұл екі қаржылық

институттың басты мақсаты – инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландырып, автомобиль және темір жолдардың, порттардың, жүк терминалдарының, логистикалық хабтардың құрылыстарына инвестициялар тарту. Сонымен қатар, ҚХР өзінің де қаржылық әлеуеті, әлемдік экономикадағы ықпалы қазіргі кезде өте күшті екенін ескергеніміз жөн. Қытайдың ОА елдеріне берген несиелері, тартқан инвестицияларының көлемі 50 млрд. АҚШ долларынан асып кетті. Тек Қазақстанның экономикасының өзіне Қытайдың салған инвестициясы биыл \$42,8 млрд. жеткен [11].

ЕАЭО мен ОА елдерінің қауіптенетіні геэкономикалық мүдделердің орнына кейін геосаяси мүдделер басым түсіп кетпесе болғаны деген ой. Ал қытайлықтар ЖЖЭБ таза экономикалық жоба, оның ауқымында ешқандай геосаяси арам пиғыл жоқ деп сендіріп бағуда. Олардың көрсетуінше, ЖЖЭБ негізінен Қытайдың батыс провинцияларын дамытуға, аймақтағы мемлекеттердің ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған жоба [12].

Қытайдың сыртқы экономикалық саясаты жұмсақ күшке (soft power) негізделген, бейбітшілік пен іскерлік ынтымақтастық, инвестиция құю, сауда-экономикалық байланыстар орнату арқылы өздерінің ойға алған стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыруда. Бірақ, ЕАЭО мүше-мемлекеттері Қытайдың экономикалық экспансиясы оның Еуразия кеңістігіндегі, ОА аймағындағы ықпалын арттыратынын сезеді. Әсіресе, Ресей үшін Қытай бұл аймақтағы басты бәсекелеске айналып отыр (алдыңғы тарихында патшалық Ресей империясының кезеңі бар, кейінгі тарихында КСРО-ның мұрагері саналатынын ескерсек) [13].

Тағы бір ескеретін мәселе, ҚХР өзінің де қаржылық әлеуеті, әлемдік экономикадағы ықпалы қазіргі кезде өте күшті екенін ескергеніміз жөн. Қытайдың ОА елдеріне берген несиелері, тартқан инвестицияларының көлемі 50 млрд. АҚШ долларынан асып кетті. Тек Қазақстанның экономикасының өзіне Қытайдың салған инвестициясы биыл \$42,8 млрд. жеткен [14].

ОА аймағы, ТМД кеңістігі Ресейдің дәстүрлі ықпал ету аймағы саналып келген болатын. ЖЖЭБ арқылы Қытайдың ықпалы күшейіп, аймақтық экономикадағы үлесі артып келеді. Сондықтан, Ресей ЕАЭО жобасын бір жағынан Қытай ықпалын азайту үшін де шебер пайдаланып отыр [15].

ОАЭО жаңа кедендік заңнамасы, техникалық регламенттері, миграциялық заңдары,

санитарлық-эпидемиологиялық талаптары, сыртқы саудаға қатысты ұстанымдары қатаңдатылған. ЕАЭО елдері импортты алмастыру саясатына басымдық беруде, ЕАЭО ішіндегі өзара сауданы баж салығынан босатып, еркін сауданы дамытуға, тауар, тариф және жұмыс күшінің еркін айналуына барынша жағдайлар жасалуда. Өз кезегінде Қытайдың саясаткерлері мен сарапшылары ЕАЭО жасанды құрылған одақ, экономикалық мүддеге қарағанда саяси мақсатты көздейтін, Ресейдің монополиялық ықпалындағы бірлестік деген скептикалық пікірлерді білдіруде [16]. С. Ли, Ч. Ван сияқты қытайлық сарапшылардың ойынша интеграциялық бірлестік болуы үшін, одақ құру үшін оған мүше-мемлекеттердің экономикалары мықты болуы шарт. Ал іс жүзінде ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің экономикалары әртүрлі деңгейде, олардың ішіндегі ең үлкен әрі мықты экономика – Ресей Федерациясына тиесілі. Сәйкесінше, Ресейдің ұстанымдары мен саяси ықпалы ЕАЭО ішінде жоғары тұрары сөзсіз деп есептейді қытайлық сарапшылар.

Ал Ресейде болса керісінше, ЖЖЭБ тұжырымдамасында басы ашылмаған мәселелер көп, оның ауқымында жаңа институционалдық құрылымдар бола ма, әлде Қытайдың басты рөліне негізделген еркін сауда аймағына айналады деген пікірлер айтылуда [17].

Бұл мәселелерді айқындап алу Ресей үшін маңызды. ЕАЭО мен ЖЖЭБ жобалары бір-бірін толықтыра ма, әлде ОА аймағы үшін таласып, бәсекелеске айнала ма деген сауалға әлі нақты жауап жоқ [18]. Әзірге Қытай тарабы ЕАЭО пен ЖЖЭБ түйіндістіру бағытында да, ОА елдерімен екі-жақты ынтымақтастықты дамытумен де қатар айналысып отыр. Әсіресе, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркмения сияқты ОА елдеріне салған Қытай инвестициясының көлемі жыл сайын артып келеді, көлік-транзиті, мұнай-газ салаларындағы бірлескен жобалар жандануда.

Сонымен қатар, ОА аймағында АҚШ геосаяси мүдделері бар екенін де ұмытпауымыз керек. 2011 жылы АҚШ Мемлекеттік хатшысы болып тұрған кезінде Хиллари Клинтон Ауғанстан мен Үндістан арқылы өтетін «Жаңа Жібек жолы жобасын» ұсынса, 2015 жылы АҚШ Мемлекеттік хатшысы болған кезінде Джон Керри «С5+1» жобасын ұсынған еді. Мұндағы С5 – ОА бес елі (Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркмения), ал 1 – АҚШ. Яғни, АҚШ та ОА-ны өз ықпалында ұстауға тырысып бағуда [19].

Дегенмен, өзара әрекеттесуге кедергі келтіруші сыртқы және ішкі факторлардың көп болуына қарамастан, ЕАЭО елдері мен ҚХР арасындағы байланыстар жылдан-жылға жақсара түсуде. 2017 жылы 1 қазанда Қытайдың Ханчжоу қаласында ҚХР Коммерция министрі Чжун Шань мен Евразиялық экономикалық комиссияның сауда министрі (ЕЭК) Вероника Никишина Қытай мен ЕАЭО арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастыққа қатысты келіссөздердің ресми аяқталғаны туралы біріккен мәлімдеме жасады [20]. Қытай мен ЕАЭО арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық жасау туралы келіссөздер ресми түрде 2016 жылы 25 маусымда басталған еді. Содан бергі кезеңде келіссөздердің бес раунды өтіп, кедендік рәсімдер, мемлекетаралық саудаға қолдау жасау, зияткерлік меншік құқығын қорғау, ведомствоаралық селбестік, мемлекеттік тапсырыстар, электронды коммерция сияқты көптеген мәселелердің шешімі табылған. ЕАЭО елдері де, Қытай да бұл келісімдердің нәтижелерін игі мақсатқа пайдалануға мүдделі, жан-жақты қарым-қатынастар жаңа деңгейге көтеріледі деген нық сенімге ие.

Сонымен қорыта айтар болсақ, ЕАЭО мен ЖЖЭБ түйінdestіру мен олардың арасындағы ынтымақтастықты дамытудың берері көп. Бірақ бұл жерде мүше-елдерді толғандыратын екі мәселе бар: біріншісі – Қытайдың экономикалық экспансиясы, екіншісі – Ресейдің саяси амбициялары. ЕАЭО аясында Ресей өзінің геосаяси мүдделерін жүзеге асыруға тырысса, ЖЖЭБ ауқымында Қытай геэкономикалық стратегияларын іс жүзіне асырмақшы. Саясаттанулық талдау барысында көз жеткізгеніміздей, осыған ұқсас ой-тұжырымдарды шетелдік зерттеушілер де білдіруде: олардың ойынша Қытай ЖЖЭБ геосаяси құрал емес деп мәлімдеме жасағанымен, экономикалық кооперацияның ақыры саяси ықпал етуге айналып кетуі ықтимал. Қытайдың ОА елдерімен екіжақты қарым-қатынастарды дамыта түсуі де мұндай тұжырымдардың ақиқатқа жақын екенін көрсетсе керек. Тура осыған ұқсас, ЕАЭО ауқымында Ресейдің саяси гегемондығы белең алып кетпей ме деп қауіптенетін пікірлер де баршылық. Сол сияқты, ЕАЭО қанша жерден экономикалық одақ деп жарияланса да, алып Ресей оның ауқымында өзінің геосаяси мүдделерін қанағаттандырады сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 Ван Ш., Вань Ц. Проекты Экономический пояс Шелкового пути и ЕАЭС: конкуренты или партнеры? // Обозреватель – Observer. – 2014. – № 10. – С. 56–68.
- 2 Скриба А.С. Вызовы и перспективы евразийской интеграции после украинского кризиса // Вестник международных организаций: образование, наука, новая экономика. – 2014. – № 3. – С. 96–111.
- 3 2016 жылдың қаңтар-мамыр айларындағы Қазақстанның макроэкономикалық трендтеріне шолу // <http://palata.kz/kk/articles/23285-na-chem-baziruetsya-kratkosrochnyj-ekonomicheskij-indikator>
- 4 2016 жылдың қаңтар-мамыр айларындағы Қазақстанның макроэкономикалық трендтеріне шолу // <http://palata.kz/kk/articles/23285-na-chem-baziruetsya-kratkosrochnyj-ekonomicheskij-indikator>
- 5 Экспорт из ЕАЭС в Китай в первом квартале вырос на 35%. Подробнее: <https://eadaily.com/ru/news/2017/04/28/eksport-iz-eaes-v-kitay-v-pervom-kvartale-vyros-na-35>
- 6 Торговля ЕАЭС-КНР: дисбалансы и проблемы // <http://infranews.ru/issledovaniya/49287-torgovlya-eaes-kr-disbalansy-i-problemy/>
- 7 Оборот торговли РФ-КНР – \$35 млрд. за 5 мес., прогноз – \$90 млрд. // <http://infranews.ru/logistika/zheleznaya-doroga/48900-oborot-torgovli-rf-kr-35-mlrd-za-5-mes-prognoz-90-mlrd/>
- 8 Никоноров А. Главные торговые партнеры Казахстана: Россия и Китай // <https://365info.kz/2017/08/top-10-glavnyh-torgovyh-partnerov-kazhstana/>
- 9 Тимофеев О.А. Российско-китайские и многосторонние интеграционные проекты и их влияние на развитие Дальнего Востока // Китай в мировой и региональной политике. История и современность. – 2015. – № 20. – С. 229–241.
- 10 Peyrouse S., Raballand G. Central Asia: The New Silk Road Initiative's Questionable Economic Rationality // Eurasian Geography and Economics. – 2015. – No. 56. – P. 405-420.
- 11 Общий объем инвестиций Китая в экономику Казахстана превысил \$42,8 млрд. (О результатах 25-летнего сотрудничества и перспективах двусторонних отношений написал Председатель КНР Си Цзиньпин) // <https://kapital.kz/economic/60408/obcschij-obem-investicij-kitaya-v-ekonomiku-kazhstana-prevysil-42-8-mlrd.html>
- 12 Fallon Th. The New Silk Road: Xi Jinping's Grand Strategy for Eurasia // American Foreign Policy Interests. – 2015. – No. 37. – P. 140–147.
- 13 Воробьев В.Я. Новый шелковый курс. О китайской идее построения экономического пространства Великого шелкового пути // Россия в глобальной политике. – 2014. – № 3. – С. 142–151.

14 Общий объем инвестиций Китая в экономику Казахстана превысил \$42,8 млрд. (О результатах 25-летнего сотрудничества и перспективах двусторонних отношений написал Председатель КНР Си Цзиньпин) // <https://kapital.kz/economic/60408/obcsnij-obem-investicij-kitaya-v-ekonomiku-kazahstana-prevysil-42-8-mlrd.html>

15 Лукин А.В. Постбиполярный мир? Мирное сосуществование или хаос // *Мировая экономика и международные отношения.* – 2016. – № 1. – С. 17–29.

16 Ли С., Ван Ч. Китайская политология о смысле и перспективах Евразийского союза // *Международные процессы.* – 2014. – № 3. – С. 71–82.

17 Лузянин С.Г. Россия и Китай: глобальные и региональные измерения безопасности и сотрудничества // *Китай в мировой и региональной политике. История и современность.* – 2015. – № 20. – С. 29–36.

18 Денисов И. Путешествие на Запад. Пекин выйдет из тени по Шелковому пути // *Россия в глобальной политике.* – 2015. – № 1. – С. 134–143.

19 Laurelle M. The US Silk Road: Geopolitical Imaginary or the Repackaging of Strategic Interests? // *Eurasian Geography and Economics.* -2015. -No. 56. -P. 360–375.

20 Китай и ЕАЭС завершили переговоры по торгово-экономическому соглашению // https://news.rambler.ru/world/38038120/?utm_content=news&utm_medium=read_more&utm_source=copylink

References

1 Van Sy., Van C. Proekty Ekonomicheskii Pojas Shelkovogo puti i EAES: konkurenty ili Partnery? // *Obozrevatel – Observer.* -2014. -№ 10. S. 56–68.

2 Skriba A.S. Vyzovy i Perspektivy evrazijskoj integracii Posie ukrainskogo krizisa // *Vestnik mezhdunarodnykh organizacii: obrazovanie, nauka, novaja ekonomika.* -2014. -№ 3. -S. 96–111.

3 2016 zhyidyng qangtar-mamyr aiiaryndaqhy Qazaqstannыng makroekonomikaiyq trendterine Sholu // <http://palata.kz/kk/articles/23285-na-chem-baziruetsya-kratkosrochnyj-ekonomicheskij-indikator>

4 2016 zhyidyng qangtar-mamyr aiiaryndaqhy Qazaqstannыng makroekonomikaiyq trendterine Shoiu // <http://palata.kz/kk/articles/23285-na-chem-baziruetsya-kratkosrochnyj-ekonomicheskij-indikator>

5 Eksport iz EAES v Kitai v pervom kvartaie vyros na 35%

Podrobnее:<https://eadaily.com/ru/news/2017/04/28/eksport-iz-eaes-v-kitay-v-pervom-kvartale-vyros-na-35>

6 Torgovija EAES-KNR: disbaiansy i Probiemy // <http://infranews.ru/issledovaniya/49287-torgovlya-eaes-kr-disbalansy-i-problemy/>

7 Oborot torgovii RF-KNR – \$35 mird. za 5 mes., Prognoz – \$90 mird. // <http://infranews.ru/logistika/zheleznaya-doroga/48900-oborot-torgovli-rf-kr-35-mlrd-za-5-mes-prognoz-90-mlrd/>

8 Nikonorov A. Giavnnye torgovyie partnery Kazakhstana: Rossiya i Kitai // <https://365info.kz/2017/08/top-10-glavnyh-torgovyh-partnerov-kazahstana/>

9 Timofeev O.A. Rossiisko-kitaiskie i mnogostoronnie integracionnye Proekty i ikh vlianie na razvitie Dalnego Vostoka // *Kitai v mirovoi i regionalnoi Politike. Istorija i sovremennost.* -2015. -№ 20. -S. 229–241.

10 Peyrouse S., Raballand G. Central Asia: The New Silk Road Initiative’s Questionable Economic Rationality // *Eurasian Geography and Economics.* -2015. -No. 56. -P. 405–420.

11 Obshii obem investicii Kitaja v ekonomiku Kazakhstana Prevysii \$42,8 mlrd. (O rezultatakh 25-letnego sotrudnichestva i perspektivakh dvustoronnikh otnoshenii napisai predsedatel KNR Si Czin Pin) // <https://kapital.kz/economic/60408/obcsnij-obem-investicij-kitaya-v-ekonomiku-kazahstana-prevysil-42-8-mlrd.html>

12 Fallon Th. The New Silk Road: Xi Jinping’s Grand Strategy for Eurasia // *American Foreign Policy Interests.* -2015. -No. 37. -P. 140–147.

13 Vorobev V.J. Novyi Shelkovyi kurs. O kitaiskoi idee postroeniya ekonomicheskogo prostranstva Veiikogo Sheikovogo Puti // *Rossija v giobalnoi Poiitike.* -2014. -№ 3. -S. 142–151.

14 Obshii obem investicii Kitaja v ekonomiku Kazakhstana prevysil \$42,8 mird. (O rezultatakh 25-ietnego sotrudnichestva i perspektivakh dvustoronnikh otnoshenii napisai predsedatel KNR Si Czin Pin) // <https://kapital.kz/economic/60408/obcsnij-obem-investicij-kitaya-v-ekonomiku-kazahstana-prevysil-42-8-mlrd.html>

15 Iukin A.V. Postbipoiarnyi mir? Mirnoe sosushestvovanie ili khaos // *Mirovaja ekonomika i mezhdunarodnye otnosheniya.* -2016. -№ 1. -S. 17–29.

16 Ii S., Van CH. Kitaiskaja Poiitoiogija o smysle i Perspektivakh Evrazijskogo souza // *Mezhdunarodnye Processy.* -2014. -№ 3. -S. 71–82.

17 Iuzjanin S.G. Rossiya i Kitai: giobalnye i regionalnye izmereniya bezopasnosti i sotrudnichestva // *Kitai v mirovoi i regionalnoi Poiitike. Istorija i sovremennost.* -2015. -№ 20. -S. 29–36.

18 Denisov I. Puteshestvie na zapad. Pekin vyidet iz teni po sheikovomu puti // *Rossija v giobalnoi poiitike.* -2015. -№ 1. -S. 134–143.

19 Laurelle M. The US Silk Road: Geopolitical Imaginary or the Repackaging of Strategic Interests? // *Eurasian Geography and Economics.* -2015. -No. 56. -P. 360–375.

20 Kitai i EAES zavershiii peregovory po torgovo-ekonomicheskomu sogiasheniu // https://news.rambler.ru/world/38038120/?utm_content=news&utm_medium=read_more&utm_source=copylink